

«Қаратоғай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша

Бұйрық  
№24

1 сәуір 2026 жыл

Қаратоғай а

Мемлекеттік көрсетілетін

қызметтерге жауапты тұлға

бекіту туралы

**Бұйырамын:**


1. «Қаратоғай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша жұмыс жүргізу келесі қызметкерлерге тапсырылсын:
  - 1) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Карагойшинаға жүктелсін.
  - 2) Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау іс- қағаз жүргізушісі Г.А.Нургалиеваға тапсырылсын.
  - 3) Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Карагойшинаға жүктелсін.
  - 4) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау әлеуметтік-педагог Г.А.Казиеваға, іс-қағаз жүргізуші Г.А.Нургалиеваға тапсырылсын.
  - 5) Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Карагойшинаға, әлеуметтік-педагог Г.А.Казиева, іс-қағаз жүргізуші Г.А.Нургалиеваға тапсырылсын.
  - 6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Карагойшинаға жүктелсін.
  - 7) Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну әлеуметтік-педагог Г.А.Казиева, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Есенжоловаға тапсырылсын.
  - 8) Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру әлеуметтік-педагог Г.А.Казиева, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Есенжоловаға тапсырылсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі орынбасары Н.Г.Ермухамбетоваға жүктелсін.

«Қаратоғай ЖОББМ» КММ директоры:

Бұйрықпен таныстым:



 Н.О.Оспанова

 Н.Г.Ермухамбетова

 Г.К.Есенжолова

 Г.А.Казиева

 Г.А.Нургалиева